

Мектепке дайындық пысықталды  
2-бет



Энергия тапшылығы жойылады  
5-бет



Айнымас серігі – велосипед  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 15 ТАМЫЗ, 2023 ЖЫЛІ №90 (23 266)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МӘСЕЛЕ

## Қарағандыда мал базары неге жоқ?

Төрт түлікті кәсіп етіп, тулағын пұл қылған шаруаларға ата кәсіпті жандандырудың жаңаша мән-мағынасын түсіндіру, салаға заманауи озық технологияларды енгізу арқылы жаңаша дем беру және асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға жағдайлар жасалып-ақ жатыр. Бұл – орынды демеу, көңіл көншітер қолдау. Арқа өңіріндегі төрт түліктің үштен бірі – Қарағанды аймағында. Қора-қора қой, үйірлі жылқы тұяғының дүбірі жер қайыстырады. Алайда, ақтылы қой, алалы жылқыны «ұқсату жоқ, тапқан пайдада береке жоқ» деген малшы қатары сөйілмей тұр. Көп шаруаның көкейінде – мал базарының жоқтығы. Шынымен, мал базары болса, шаруаның ісі алға басып, ауыл шаруашылығы дамыр ма еді?!

алуға тиіс. Сонда базар несіне пайда бәсіз түседі. Қарағанды жұртшылығы оның ішінде, біз секілді қарапайым шаруалар осыны ойланса, – дейді «Сенім» шаруа қожалығының жетекшісі Нұркен Ақылбеков.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Малдың қоңын арттыруда жаз жайлау, қыс қыстау айдамаса да, шұрайлы жердің шимандысы Арқаға бұйырған. Ен даланың ой-қырының бозы мен қияғы, жабайы жоңышқасы – ежелден Қамбар ата төлінің жерік асы. Қысқасы, жайылым ата кәсіпке өте қолайлы. Мұндай артықшылықты біздің шаруалар сәтті қолданып, өрісті малға толтыруға кірісті. Мұнымен мақтанып та жүрміз. Алайда, сол мыңғырған малдың пайдасы қайда? Адал ақы асырап, баққан малдың нарығы-

на келгенде «ақсақ қойша» түстен кейін тілге келіп жоғарыға теліміреміз. Неге дейсіз бе? Біздегі ет бағамы қаламен, қалаберді, келіп, тұрған алыпсатардың ойымен нақтыланып, реттеледі. Бұл – біздің емес, ауыл шаруаларының сөзі. Ал, олар малды Түркістанда, Қызылорда мал базарында пұлдайды. Яғни, сатып алады, сатады. Ондағы базардың бағасы құбылса, біздегі еттің келісі міндетті түрде қымбаттайды – мыс. Неге? Өйткені, жаппай мал алу – тек алыстан келген алыпсатарларға (өзбектерге) қолайлы. Жергілікті мал алушылар бірді-екіліден басқа алмайды. Біріншіден,

оны қояр хәм бағар орындары жоқ. Екіншіден, өткізу қиын болған соң шамамен алуға мәжбүр. Өткізу қиын. Арқа өңірінде мал базары жоқ.

– Қарап отырсаңыз, оңтүстік өңірдің бәрінде өздерінің арнайы мал базарлары бар. Олар қазіргі біз секілді өзбек саудагерлерді сарыла күтіп, солардың жолдарына теліріп отырмайды. Малын базарға апарып, өздері ойға алған бағасына өткізеді. Сонымен қатар, мал базарын бір кісі ашса, сол кісі де табысқа кенеледі. Әр сатушы мал базарынан мал орнын жалға алса, оған берер жем-шөбін де сол жерден

Жер кіндігінде орналасқан Арқа өңірінде неге бір базар жоқ?! Көп ауылдың шаруалары өздіктерінен мал сата алмайды. Айдай алмай отырып, алыстан келер өзбек ағайындарды күтеді. Олар көңілдегі бағаға ала қойса, бір сәрі. Сонда алты аталы ауыл ағайының күні ала шапан киген алыпсатарға қарағаны ма?!

– Қарағанды аймағында мал базары неге жоқ? Михайловка шағын ауданында бар. Онда ел өздерінің тауықтарын, ит-мысықтарын саудалап отыр. Жем-шөп те бар.

► 3-бет

• ӨЗЕКТІ

## Тариф текетіресі: ұялы операторлар үнсіз

Ұялы операторлар тарифтерін жаппай көтеруде. Бірақ биліктің қылар қайраны болмай тұр. Ал, алпауыттар өз клиенттерінен 4 млрд. тенге өндіруі мүмкін. Жүргізілген арнайы сауалнама байланыс операторларын тығырыққа тірегендей. «Жыл соңына дейін байланыс тарифін көтересің бе?» деген сауалға операторлар жар-тымды жауап бере алмай дал.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



«Beeline-Қазақстан» компаниясының бас атқарушы директоры Евгений Настрин жыл соңына таман өсім болмайды деп сендіргісі келді.

– Жоспарда баға көтеру туралы бастама есімде жоқ, сондықтан, тариф көтерілмейтін шығар, – деді Евгений.

«Мобайл Телеком-Сервис (Tele2/Altel)» компаниясының бас директоры Сергей Коньков тарифтің өсуі жекелеген бағдарлама шеңберінде ғана көрінетінін мәлімдеді.


– База құрылымындағы жекелеген тарифтерге қатысты өсім бар. Дәп қазір монетизация кезеңінен өткен, өскен тарифті тап басып айта алмауымыз мүмкін әрі қиын. Сол себепті, жекелеген тариф бағамы өсуі ықтимал екенін жасырмаймыз, – деп қосты С.Коньков.

Бірақ, «Кселл» АҚ басқарма төрағасы Асхат Өзбеков төтеден қойылған сұраққа жауап беруге дайын емес екенін айтты.

– Бұл мәселеге қазір нақты жауап беруге дайын емеспін. Негізгі сауалдарға жауап беруге келгеніммен, бұл сұрағыңызға жауап беру әсте қиын, – деп түйіндеді сөзін спикер Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

## Қарқаралы тарихының айшықты белесі

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы жылдарында Қарқаралының өмірі мен дамуына ерекше ықпал еткен Қоянды жәрмеңкесіне быыл 175 жыл толып отыр. Жәрмеңке өңірде сауда-саттықты дамытып, нарықтық қатынастарды алға бастырумен қатар, еліміздің әлеуметтік-саяси хәм мәдени өміріне өзгеше бір леп әкелген оқиға болды.



► 4-бет

• РЕСМИ

## Egov қосымшасында жаңа қызмет

Енді, Egov mobile мобильді қосымшасы қазақстандықтарға әртүрлі өмірлік жағдайларға байланысты жеке push хабарламаларын жібереді. Жанартулар алдағы маңызды күндерді еске салып тұрады. Зейнетке шығу, ЖОО-ға түсу және бітіру, баланы мектепке қабылдау, Е-лицензиялау порталының өтінімдерін мақұлдау және компания басшысының ауысуы туралы хабарламалар келіп тұрады.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Азаматтарға қызмет көрсету жұмыстарын белсенді түрде жалғастырамыз, әртүрлі өмірлік жағдайларға арналған тағы жеті push хабарламаны іске қостық. Бұл мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ адамдарды маңызды күндер туралы алдын ала хабарлар етуге және «көрінісін» қызметтер көрсетуге көмектеседі. Уақыт өте келе, мұндай қызметтердің саны артады, осылайша біз көптеген мемлекеттік қызметтерді алу процесін жеңілдетеміз», – деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Конашкин.

Жіберілген push хабарландыруларын мобильді қолданбаның «Хабарландырулар» бөлімінде көре аласыз. Мобильді қосымша орнатылмаған болса, порталдың жеке кабинетінде EGov.kz ұялы нөмір көрсетілсе, пайдаланушыға қосымшаны жүктеуге сілтеме жасай отырып, 1414-тен жаңа хабарламаның келіп түскені туралы ақпараты бар SMS жіберіледі.

Бұл жанартулар Мемлекет басшысының Invisible Government тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылған.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 489.28

• USD/KZT 445.81

• RUB/KZT 5.53

• CNY/KZT 61.59

Қазақстан Ұлттық Банкінің 14 тамыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



## Мектепке дайындық пысықталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМАТІ

Биыл облыста мектепке баратын балалардың саны 172 мыңнан асады. Оның 17 мыңнан астамы – бірінші сынып. Облыс әкімінің қатысуымен өткен аппараттық жиында жаңа оқу жылына дайындық талқыланды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жылы 115 білім беру нысанына күрделі жөндеу жасалған. Басқарма басшысы Гүлсім Қожахметованың сөзінше, дайындық жұмыстары қарқынды. Аяқталуға жақын. Барлық білім беру ұйымдарының жылыту жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. 17 мектептің іргесіне қазандық орнатылған. Қазір көмір тасылып жатыр. Қажетті көлемнің 70%-ы бар. Мектептегі қауіпсіздік мәселесі де назарда.

– Бейнебақылау жүйелерімен барлық білім беру нысандары жабдықталған. Полиция департаментінің жедел басқару орталығына балабақшалар мен колледждердің барлық камералары қосылған. Мектептер бойынша жұмыс жалғасуда. 582 білім беру ұйымы дауыстық хабарлау жүйелерімен және дабыл түймелерімен жабдықталған. Турникеттер 203 нысанға орнатылды, арнайы күзет 206 ұйымға енгізілді. Арнайы күзет балабақшаларда да болады, – деді облыстың білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова.

Мектептер оқулықтармен қамтамасыз етілуде. Жеткізу жұмыстары 25 тамызға дейін аяқталады деп жоспарланған. Басқар-



ма басшысы тегін ас беру де маңызды міндет екенін атап өтті. Бастауыш сынып оқушылары, сондай-ақ, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 11 мыңнан астам бала тегін тамақтана алады.

101 елді мекеннен мектепке қатынайтын 1566 оқушыға 70 автобус беріліпті. Автобустар 1 қыркүйекке дейін техникалық бақылаудан өтеді.

– Мектеп автобустарын толық тексеру қажет. Бұл – басты

міндеттердің бірі. Себебі, мәселе балалардың қауіпсіздігіне қатысты, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев. Сонымен қатар, өңір басшысы білім басқармасы жаңа оқу жылы мен жылыту маусымына дайындықты бақылауда ұстауды тапсырды.

Облыста барлығы 24 355 педагог бар. 640 маман тапшы. Бұл мәселені шешу үшін өңірде мамандарды қайта даярлау бойынша тегін курстар ұйымдастырылыпты.

Биыл ақшалай жәрдемақы мөлшері – 40 567 теңге. Ата-аналардың банк карталарына аударылады. 10 мың оқушыға оқу құралдары мен мектеп формасы беріледі. 4886 адамға көмек көрсетілген. Қаражат жалпы білім беру қорынан бөлінеді. «Мектепке жол» акциясы 1 тамыздан басталған. Енді 30 қыркүйекке дейін жалғасуда. Қазірдің өзінде акция шарапатын 700-ден астам оқушы көрген.

### • ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Тегін тамақпен қамтылады

сеткішке қол жеткіземіз, – деді Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің басқарма басшысы

1 қыркүйектен аз қамтылған отбасылардан шыққан 1,5 миллионнан астам оқушыны, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақтандыру жоспарда. Бұл туралы Оқу-ағарту министрінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті хабарлады.

Салтанат ІПІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика бойынша тегін тамақтану құны орта есеппен – 577 теңге. Ал, ең жоғары баға – Алматы қаласында. Яғни, 800 теңге.

– Бұған дейін 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту

56,6%-ды құраған еді. Бұл – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда және Атырау облыстарының оқушылары. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында қалған өңірлердің оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету бойынша



жұмыстар жүргізілді, осылайша жаңа оқу жылынан 100% көр-

Дана Мақтаева. Бұл оқу жылындағы жақсы жаңалықтың бірі.

### • МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Жол сапасы бақылауда

Кез келген жұмысқа бақылау мен талап керек. Бақылау бар жерде, сапа бар. Әсіресе, ел экономикасының құрғатамыры саналатын жолдардың сын көтеруі – маңызды. Қауіпсіздік – бірінші орында. Төселіп жатқан тас жолдардың талапқа сай жасалуын «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» қадағалайды.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталықтың облыстағы филиалы түрлі деңгейдегі сынамаларды жасауға арналған заманауи зертханамен қамтамасыз етілген. Зертханада жол төселген жердің қыртысы мен топырақтың құрамы толық тексеріледі. Асфальтты да сынамадан өткізетін арнайы бөлім жұмыс істейді. Жөн-

делген жолдың сапасы сын көтермесе, қайта салғуға құзыреті жетеді.

Орталық асфальтты ғана емес, жол бойындағы белгілердің де дұрыс қойылуын қадағалайды. Мұнда рефлектометр деп аталатын құрылғының екеуі бар. Біреуі асфальт үстіндегі жолақтардың, екіншісі жол бойындағы белгілердің түнде жарқырау деңгейін өлшейді. Екеуінің құны – 16 миллион теңге. Тілін табатын

мамандар да жеткілікті. Биыл университет тәмамдаған жастарды жұмыспен қамтыған. Олар қазір өз қызметтеріне төселді дейді басшылық. Біліктіліктерін арттыру мақсатында оқу курстарына да жіберіледі екен. Өйткені, орталықтың атқаратын міндеті сауатсыздықты кешірмейді.

Зертханада жылына шамамен алғанда 1000-2000-ға жуық сынама жасалады. Мәселен, былтыр сынамалардың саны 2292-ге жеткен. Ал, жыл басталғалы 1239 сынама жасап үлгерген.

Қазір зертхана толығымен цифрландырылып жатыр екен. Сынамалардың нәтижелері бірден арнайы қызметтік порталға енгізіледі. Ақпаратты Астанадағы басшылық көреді. «Бұл – жұмыстың сапасын арттырады» дейді мамандар.



– Цифрландырылған жүйе – ашықтықты қамтамасыз етеді. Жұмыс барысында болуы ықтимал «көз қысты, бармақ бастынын» алдын алады. Сынаманың нәтижелерін бірінші басшыдан бастап, зертханашыларға дейін көруге мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта жаңа жүйенің

жемесін көріп отырмыз, – деді зертхана жетекшісі Алексей Райлян. Оның үстіне, зертханаға әкелінген материалдардың қайдан алынғанын ешкім білмейді. Қай жол, қай мердігер екені айтылмайды. Жеткізушілер бұл ақпаратты құпия сақтайды.

Бүгінде орталық мамандары жөндеу жұмыстары былтыр басталған Нұра мен Осакаров ауданын жалғайтын облыстық маңызы бар жолдың төңірегінде жұмыстар атқарып жатыр. Төселген жол сынамадан өтпеген. Сапасы нашар, талапқа сай келмейді екен.

– «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» жұмыстың сапасын төмен деп бағалайды. Қазір мердігер біз берген ескертулерді ескеріп, ақауларды жойып жатыр. Яғни, барлығын басынан бастап, талапқа сай етіп жасайды. Ақпараттың жұмыстарды бақылауға алдық, – деді бөлім басшысы Тұрар Манас.

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығында» арнайы сайт бар. Сайттан атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат алуға болады. Сынамалар саны мен анықталған ақаулар тайға таңба басқандай ашық көрсетілген.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Жылыжайдың жайы қалай?

Мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде жылыжай салушылар күрт артқан болатын. Дегенмен, бастауы оңай болса да, алға қарай жылжыта алмай тастаушылар да бар. Қазақстанда жылыжай көлемі өткен жылдың қорытындысына сәйкес 232,3 гектарға қысқарып, 1,2 мың гектарды құраған. Ал, Қарағанды облысында бүгінгі күні 43 гектардан ғана өнім алуға.

Үкіметте жылыжай шаруашылығын дамыту мәселелері талқыланған болатын. Жиында осы саланың негізгі көрсеткіштері туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев баяндады.

Оның айтуынша, жылыжай аумағының қысқаруы өндірілген өнімнің өзіндік құнының жоғары болуына және бизнестің төмен



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



рентабельділігіне байланысты.

Бүгінде жылыжайлардың негізгі бөлігі Түркістан облысында – 824,2, Алматы облысында – 79, Қарағанды облысында – 43, Шымкентте 139,2 гектар көлемінде.

Жиында маусымаралық кезеңде электр энергиясы, газ, көмір шығындарын субсидиялауды енгізу бойынша жұмыс жүргізіп жатқаны аталып өтті. Ол үшін 2023 жылғы 1 мамырдан күшіне енген фермерлік жылыжайларға арналған ұлттық стандарт (ҚР СТ 3834-2023) бекітілген.

Жақын арада инвестициялық субсидиялау шеңберінде жылыжай кешендерін салу және кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде шығындарды өтеуді 25%-дан 30%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Ереженің жобасы қыркүйек айының соңына дейін мақсатында

Бұдан басқа, жылыжайда өсірілген көкөніс дақылдарын өндіруді дамыту мақсатында тыңайтқыш (органикалық дақылдарды қоспағанда), пестицид, биоагент пен биопрепарат

құнын субсидиялау, суармалы су, қияр және қызанақ тұқымдарын беру арқылы мемлекеттік қолдау жалғасуда.

Сондай-ақ, мемлекет тарапынан «Агробизнес» әмбебап несиелеу бағдарламасы шеңберінде жылыжай құрылысына несие беру жүзеге асады, бұл ретте субсидиялау есебінен мөлшерлеме 6%-ға дейін төмендейтіні белгілі болды.

Жиынға онлайн қатысқан кәсіпкерлер сең қозғалып, жылыжай шаруашылықтары үшін стандарттар құру мәселесі жабылғанын айтады. Жабық жылыжайды жылыту үшін «Шұбаркөл Көмір» АҚ-мен отын жеткізу туралы шарт жасалып та жатыр.

Мысалы, осы салада жүргендердің бірақтары 30-35 мың тонна көмір сатып алған. «Аптап ыстық басылғанда шаруалар жанармай сатып алуға көшеді. Егер субсидия болса, онда жылыжай шаруашылықтары белсенді түрде жұмыс істеп, жақсы өнім ала бастайды. Еңбегіміз нәтижелі болады» дейді олар.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• КӨКЕЙКЕСТІ

## Еңбек адамы, хақың қорғалған ба?

Қарағанды – өндірісті аймақ. Қисынына келгенде өндіріс ошақтары қай жағдайда да «қандыбалақ» деген атқа қалып жатады. Өңір де жазатайым оқиғалар бойынша алғы «шепте». Тек осы жылдың алғашқы алты айында 68 жазатайым оқиға тіркелген. Былтырғы оқыс оқиға саны – 88.

Келген жеке тұлға өз мәселесімен мемлекеттік органдарға жүгініп келген болса, құзыры органдар қызметкердің қатысуынсыз тұлғалық шешімдер қабылдауға құқылы

– Кейінгі алты айда 1929 өтініш қаралған. Барлығында дерлік жұмыс беруші тарапынан еңбек заңнамасының бұзылуы фактілері бар. 383 тексеру амалы

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көп жағдайда мұндай жайттар әр адамның өзінің немқеттілігінен де туындап жататыны рас.

Өндірісте бәрі бәз баяғы қалпы. Көш басында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ. Былтырғы жарты жыл да мұнда 12 адам мертіккен болса, биыл – 9 адам. Жабдығы ескіріп, жұмысы ауырлаған алпауыттың ахуалы былайғы елге онсыз да мағлұм. Бұған еңбек тәртібінің бұзылуы сынды жадағай жағдаяттарды қосып қоялық. Осыдан келіп, өндірістік жұмыстардың жай-күйін қадағалау кемшін екендігі қылаңытады. Шетін жағдайда еңбек дауы бас көтереді. Әр тарап «менікі дұрыс» деген желеумен ерікті-еріксіз сотқа жүгінеді.

Жұмыскерге сотта өз құқығын қорғау бұрынғы кезде қарағанда оңайырақ екендігі баршаға мәлім. Еңбек дауы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енуімен оңайланды. Оған дейін еңбек қатынастары саласында көптеген кілтпан мен қиындық кесе көлденең тұрғанын айтады сарашы мамандар.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабы жөелей еңбек дауын қарастырады. Онда еңбек талаптарына наразы қызметкер кәсіпорындағы келісу комиссиясына жүгіне алады. Егер заңдық негізде келісу алқасы құрылмаған болса, жұмыс беруші алқаның жоқтығы турасында ресми хат ұсынуы тиіс. Әрі қарай қызметкер тікелей сотқа жүгінеді. Сот өз кезегінде жұмыскердің талап арызын қарастыра отырып, жұмыс берушіге ескерту не нұсқама жолдайды. Келісу комиссиясының болмауы сайып келгенде әр жұмыс берушінің беделі мен ұйымына нұқсан келтіреді.

– Әдетте жалақы сомасын, оның ішінде, қауіпті еңбек жағдайлары үшін өтемақыны арттыру, еңбекақының индексация әрі лайықты еңбек жағдайларын жақсарту, тамақпен, маусымдық арнайы киіммен қамтамасыз ету талаптары көтеріледі мұндайда. Бұл сынды сауалдар, жасыратыны жоқ, жиі көтеріліп жатады. Кез келген компанияның мақсаты – әлеуметтік әріптестермен бірлесіп, еңбек қатынастарын реттейтін заңнамалық актілерді қатаң орындауды қамтамасыз ету. Жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында өзара түсіністік пен диалогқа көз жеткізу. Осы орайда кейде басшылық тарап міндеттеріне салғырттық танытатыны бар. Бастамашыл топтың талаптарын тыңдап, оларға әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша ұстанымның жеткізіп, еңбек дауларын шешудің



заңнамалық нормалары, қызметті заңнамалық негізде жүргізу қажеттілігі туралы ұғынықты түсіндірмелер жүйелі негізде беріліп тұрса, кім не дей қойсын?! Жалпы, әрбір жеке еңбек дауы аясында жұмыскерлердің құқықтарын сақтауға Кәсіподақтар федерациясы диалог алаңын ұсынып, көмектесуге даяр екендігін білдірсе, оның өзі олжа. Еңбек дауларына қатысты маңызды келіссөздерге кәсіподақтардың қатысуы ереуілдердің ұзақтығын қысқартуға және келісімге тез арада қол жеткізуге мүмкіндік береді, – дейді «Өркен-Кентөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұрғылау станогының машинисі Елдос Қайыров.

Сонымен, мана біз айтқан Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылдың 1 шілдесінен қолданысқа енді. Бұдан азын-аулақ жылдар бұрын кез

еді. Енді бұл біржақты үрдіске аталған кодекс рұқсат бере қоймайды. Яғни, кез келген мекеме талап арыз берушінің өзімен тікелей байланыста болуы шарт. Негізгі айырмасы – бұрын тек құжат жүзінде шешім қабылданатын еді. Бүгін жеке тұлғаман хабарласып, егжей-тегжейін анықтау қажет. Еңбек инспекциясы талап арызды қарастыра отырып, үш күн ішінде талап арыз берушімен хабарласып, қабылданар шешімнің алғашқы нұсқасын жолдайды. Одан соң талап арыз берушінің тыңдау хаттамасы толтырылады. Үрдіс мекемеде немесе онлайн түрде жүзеге асырылады. Өз кезегінде өтініш беруші шешіммен келіскен-келіспегендігін үш жұмыс күні ішінде хабарлайды. Егер жұмыскер жаңа дәйек пен дерек ұсынған болса, жағдаят жаңаша қайта қаралады.

жүргізілді. Нәтижесінде 226 құқық бұзушылық анықталған. 48 заңды тұлға айыппұл арқалады. Айыппұл сомасы – 8,6 млн. тенге. Оның жеті миллионы өндірілген, – деп мәлімдеді Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының мемлекеттік инспекторы Камит Каренов.

Шындығында ше?! Тексеру амалдары еңбек қатынасында көп жағдай екі жүзді қанжар секілді екенін аңғартады. Яғни, заңды бірде басшы бұзса, бірде қосшы да белден баса салады екен. Жұмыс беруші қызметкеріне аз жалақы төлеу арқылы салықтан жалтаратын кездер көп. Жұмысқа жетілген көп жан оны аңғармай жүре беруі де көдік. Осындай ала-құла тірлік. Түптеп келгенде, еңбек адамының хақысы желінсе, ол келешектегі зейнетақысының төмендігі сынды көңілсіз жайттарға ұрындыруы ықтимал. Десек те, жұмыскер алдымен өзін қорғамай оған ешкім ара түспейтіндігіне көз жеткізгені ләзім. Әрине, кенсе қызметкері сарғайып сарсаң шағында толтырған құжатты ежіктеп оқып отыру әрқайсымызға болсын бәлендей ганибет сыйламауы рас нәрсесі. «Қорғаныс күні» кешпес үшін екі арадағы келісім құжаттарына қол қоярды бұрын әрбір әрпіне шұқшып, анықтап алғаннан абзалы жоқ. Бұл – шешуші фактор! Сондықтан, белгіленген алғашқы жұмыс күнінде еңбек келісімшартын қолыңызға алмаған болсаңыз, бірден жергілікті еңбек инспекциясына қоңырау шалуыңызға болады.

**P.S. Тегінде, еңбек қатынасы – күнделікті кесе-көлденең тұратын ауқымды мәселенің сорабы. Ауық-ауық айтылып та, жазылып та жатады. Уақысы болмас. Қараша жұрт көзі қанығып, көңіліне тоқысын, толғануға түрткі болар деген игі ниеттен туындап, анықтамалық әдімімен аз ғана тақырыпқа қозғау салған хал біздікі.**

## Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттің сенімді өкілі

Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, сыртқы келбеті мен әдеп нормалары маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік органдарда қызметтік әдеп нормаларын сақтау және мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзудың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексін сақтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ, өзінің уәкілеті шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін Әдеп жөніндегі уәкілдер қызмет атқарады.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақталуына мониторинг жасау және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң беінесін қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Әдеп жөніндегі уәкілдер институтын нығайту, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуына, сондай-ақ



кездесулер, ұжымдарда семинар-дәрістер, жеке қабылдаулар өткізіп, туындаған сұрақтарына тиісті ақпарат беріп, кенестерімен бөліседі.



сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, ұжымның моральдық-психологиялық жағдайына мониторинг жасау, артық жұмыс атқару фактілерінің алдын алу мақсатында мемлекеттік қызметшілерді қатыстыра отырып, анонимдік сауалнамалар өткізіп, нәтижесі бойынша жергілікті атқарушы мекемелердің басшыларына қажетті шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар жолдайды.

Өз кезегінде, Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілер мен азаматтармен

Жалпы, Әдеп жөніндегі уәкіл қызметі – мемлекеттік қызметтің дамуына әсер ететін жауапкершілігі жоғары, жүгі ауыр қызмет.

Әрбір әдеп жөніндегі уәкіл сеніп тапсырылған қызметті абыройлы орындауы қажет. Сонда ғана, біз мемлекеттік қызметтік оң имиджді қалыптастыра аламыз.

Осындай өзіне жүктелген қызметтерді өз деңгейінде атқара білген уәкіл мемлекеттік қызметшілердің беделінің артуына үлес қосары сөзсіз.

**К.СЕРҒАЗИНА,  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы**

## Қарағандыда мал базары неге жоқ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, ірі мал сатып жатқандар жоқ демесеніз. Ал, үлкен онтүстіктегідей мал базарына келсек, мына қасымызда орналасқан Көкпекті елді мекенінде ашылды. Оны біреу білер, біреу білмес. Кәдімгідей етіп, сырты қоршалып, ішінде мал тұратын жеке орындармен. Тіпті, шөп қоятын маясына дейін салынды. Бірақ, шаруалар басы бірікпей, іс орта жолдан тоқтап қалды. Егер өзіңнен сол базарды жандандырам деген адам болса, қолың қақпақ едік. Бірақ, оған Үкіметтен еш көмек берілмейді, – дейді облыстың ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Басқарма басшысының сөзінше, онтүстікте базар болуы – ол қалыпты. Себебі, онда Арқадағыдай айдай алмай отырған малы көп кәсіпкерлер жоқтың қасы. Бары бірен-саран. Олар сол бірден, ескіден жетектеп апарып, базарға саудалайды бар малын. Бізде бір сатқанда, 15-тен кем сатпаймыз. Ол 15 малдың бәрін бірдей

ығи базарға жетектеп жеткізе аласыз ба? Жоқ. Оған арнайы көлік керек. Көлік шаруаның өзінен шықпаса, мәселе қиындай түседі. Егер «базар керек» десек, онда жергілікті малмен айналысатын шаруашылық өкілдерінің басы бірігуі тиіс. Сонда ғана сең қозғалады.

Бірі базарға бас, енді бірі сол базарға мал жеткізуі тиіс секілді міндеттер туындайды. Сонымен қатар, ол жерге тек сере қазы берер бие, не айыр өркеш ақ майлы түйені кім желе береді?! Арық малдарға арнайы бордақылау орны да болуға тиіс көрінеді.

Мысалы, мына Түркістан облысына қарасты Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылының аты малымен, етімен шартарапқа белгілі. Десек те, «сол мекеннің бір кездері айдағаны бес ешкі еді» дейді көзкөргендер. Ал, қазір халқының 80 пайызы мал шаруашылығымен айналысатын, республика жұртын етпен қамтып отырған Қарабұлақ ауылын білмейтін жан кемде-кем. Одан бөлек, бүгінгі таңда аумағы 7 гектарды алып жатқан заманауи үлгіде салынған мал базары-



на еліміздің түпкір-түпкірінен және Ресей, Украина, Өзбекстан, Моңғолия және Қырғызстан елінен де мал өкілінің сатылады. Осында ірі сауда орнына Өткір Хасанов басшылық жасайды.

– Ауыл ішінде үйлер көбейіп кеткен соң әкімдікпен келісім жасасып, ауыл шетінен жаңа мал базарын салуды бастадық. 2018 жылы барлық жағдайы жасалған, толық талапқа жауап бер-

ретін әдемі, кең жаңа мал базарға көштік, – дейді «Қарабұлақ» мал базарының басшысы.

Тағы бір айта кетерлігі, онда сатушыларға да, алушыларға да барлық қолайлы жағдай жасалып,

4 жерден ұнғима қазып су шығарылған. Алыс өңірлерден малын әкеліп сата алмай қалған сатушыға келесі «базар күніне» дейін осы жерде малының шөп-жемін, суын беріп, тегін қарап жата беруіне де мүмкіндік бар көрінеді. Тіпті, мал иесіне арнайы бөлмелер ұйымдастырылған.

Расында, киім, азық-түлік базарларына адам отыратын болған соң барынша жағдай жасалатыны белгілі. Ал, шыны керек, қай жерде болмасын, малдың аты – мал. Оған аса көңіл бөліне бермейді. Дегенмен, Қарабұлақтағы аумағы атшаптырым, іші тап-тұйнақтай, едені жып-жылтыр заманауи үлгідегі дәл мұндай мал базары, шынында, еш жерде жоқ десек, шыныдық. Тіпті, өзге өңірден, әсіресе Өзбекстаннан, Ресейден келген қонақтар (алыпсатарлар) мал базардың құрылыс-жобасына қызыға қарап, ұялы телефондарына түсіріп, таңданып кетеді екен.

Сонымен, Қордай, Тараз, Қарабұлақтағыдай ақ боз айғыр арбасымен, арпа-жемді дорбасымен сатылар бір орын біздің Арқа өңіріне қашан бұйырар екен? Бұл сөзіміз ауыл шаруаларының аңқасын кептірген асқақ арман болып құр қалар ма екен, жоқ болашақта бір базардың болары анық па?!



• АБАТТАНДЫРУ

## Жанға жайлы саябақ


Қарағандылықтар мен қала қонақтары орталық саябақтың шын мәнінде абаттана түскенін атап өтті. Бірақ саябақты адам көзі сүйсінер таза қалпына келтіру үшін аттай екі жыл уақыт қажет болған. Нәтижесінде бұл жазда тұрғындардың сөйлейтін сүйікті орнына әр кірген десуде. Бәз біреулер халықтың толасыз шағымдарына «ақыры құлақ асқан екен» десе, өзгелері мұны аймақ басшысының ауысуымен байланыстырып түрлі болжамдарды жарыса айтуда.

Erkanat KENESBEKULY,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Быттырғы мен биылғы саябақтың арасы жер мен көктей. Көзкөрген куәгерлер бұрында қаңырап қалған бос гүлзарларда арамшөп емес, гүлдер пайда болатынына, тіпті, үміт те етпеген. Танданарлығы, жазғы маусымда саябақтың инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары сәтті жалғасқан. Жаңа ойын алаңдары, стрит-арт аймағы, абаттандырылған аллеялар, демалыс күндеріндегі ойын-сауық бағдарламасы: мұның бәрі орталық саябақты көбірек тамашалауға тың мүмкіндік берді.

— Біздің саябақ тез арада өзгеріп сала берді, таза, әрі әдемілене түскендей. Демалыс күндері ғана емес, жұмыс уағында да түрлі жастағы адамдар бұл жерде көп жүреді. Мысалы, жұма күндері егде адамдар би алаңына жиналады. Бір ғажап көрініс. Шамдардың



вальспен астасып жатқанын көру ғанибет сыйлайды, — дейді қарағандылық Анар Сәрсембаева.

Саябақты абаттандыру амалдары 2021 жылы басталған-тын. Урбанистика орталығы саябақты дамыту және дизайн кодын енгізу тұжырымдамасын әзірлеген еді. Тұжырымдама қағидаттары орталық саябақтың әрі қарайғы жүйелі дамуына септігін тигізеді.

— Жобаны іске асыру төрт айға созылды. Алғашқыда кәсіпкерлер жиналып талқылайтын көп жайды. Қала мен саябақ әкімшілігі де бірнеше іскерлік кездесулер өткізді. Әр кездесу барысында әр кәсіпкермен жеке-жеке пісықтықталып, жаңа тұжырымдаманы енгізудің мән-маңызы егжей-тегжейлі түсіндірілді. Бұл «эко» стильді дизайн коды (ағаш тактайшалар, арнаулы кәріппен жазылған белгілер) және орналастыру принциптері әлдебір жеке кәсіпкерлерді тиісті орынға көшіру қажеттігін ескертеді. Тәртіп — басты назарда. Мұнда біз саябақты басқарудың оңтайлы заманауи қалыбы бойынша әкімдіктегі әріптестермен қоян-қолтық қарекет қылдық, — деп түсіндірді урбанистика орталығының өкілдері.

Ойға алған жоспарды толығымен жүзеге асыру мүмкін болмағанымен, негізгі принциптер өміршеңдігін көрсете бастады. Негізгі аллея орны қарастырылып, аттракциондар жайлы аймаққа көшірілді. Сауда нүктелері мен тамақтану орындары бір стильге мүмкіндігінше жақындады. Барлық шығындарды кәсіпкерлердің өздері өз бизнесін дамыту үшін жұмсады. Саябақ аумағында биыл ауқымды жобалар қарастырылмады, бірақ абаттандыру жұмыстары жалғасады.

## Қарқаралы тарихының айшықты белесі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоянды жәрмеңкесінің ашылу тарихы Тобыл губерниясының көпесті Варнава Ботовтың есімімен байланысты. Қай деректі алып қарасақ та, қандай ескі әңгімеге құлақ қойсақ та, мол тауарын тиеген осы бай көпестің 1848 жылы көктем уақытында Талды өзенінің бойына тоқтап, мал айдап бара жатқан қазақтармен сауда жасасып, мол олжаға кенелгенін айтады. Бұл — Қарқаралыдан елу шақырым жерде орналасқан Қоянды өлкесі. Үлкен табыс, қомақты кіріс іздеп, қазак жерін емін-еркін кезген орыс көпесті саудаға жайлы мекен, құтты қонысты талмай іздеп, сондай ыңғайлы орынды осы Қарқаралы жерінен тапқан сынайлы. Себебі, келер жылы осында қайта келіп, сауда жүргізеді де, сауда-саттық жылдағы үрдіске айналып, ел ішінде Қоянды-Боток аталып кеткен жәрмеңке пайда болады.

Жыл сайын тынысы ашылып, өрісі кеңейген жәрмеңкенің тауар айналымы да ұлғаю түседі. Оның үстіне бұл жер географиялық орналасуы жағынан да, негізгі сауда көзі — мал саудасы болғандықтан, жері құнарлы, шөбінің шүйгіндігінен де өте ыңғайлы мекен еді. «Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 год» кітапшасында: «...1855 және 1862 жылдардағы малдың қатты қырылуына қарамастан, Қоянды жәрмеңкесінің айналымы өсе берді де, 1869 жылы жарты миллион рубльден астам көрсеткішке жетті», — деген деректер кездеседі. Саудаға салынған малдың саны жарты миллионнан асып кетеді. Мал саудасының көлемі ХХ ғасырдың басында да осы көрсеткіште болған.

Жалпы алғанда, сол уақыттағы қазақ даласындағы жәрмеңкелер жеке-дара ұйымдастырылғанымен, өзара байланыста болған. Артылған тауарлар басқа қалалардағы жәрмеңкелерге жеткізіліп отырған. Былайша айтқанда, экономикалық қарым-қатынастар тығыз байланыста өрбіген. Соның ішінде 55 шақырымдық атырапты алып жатқан Қоянды жәрмеңкесінің орны ерекше еді. Әр жылдарда тасқа басылған деректер Қоянды жәрмеңкесінің ауқымы артып, саудасы кеңейе түскенін көрсетеді. Мәселен, 1876 жылдағы деректерде жәрмеңке базарында 16 дүкен мен 120 киіз үй болса, кейінгі он жылдағы көрсеткіштер едәуір артып, дүкендер саны жүзден, киіз үйлер қатары екі жүзден асып жығылған. 1890 жылғы деректерде киіз үйлердің саны мыңға дейін жеткенін көрсетеді. Ал, қаржының жылдық айналымы отыз жыл ішінде өсіп, 2 миллион рубльге дейін жеткен деген мәлімет бар. Қоянды жәрмеңкесі — Сібір, Орталық Ресеймен қатар, Қытай, Монғолия, Үндістан саудагерлері өз бұйымдарын малға айырбастап, базарда өткізетін халықаралық дәрежедегі сауда орталығына айналды.



түрлі трактир, шайхана, монша және тағы да басқа қызмет орындары жұмыс жасаған. Мал мен мал өнімдері сұранысқа ие болған жәрмеңке Қарқаралы атырабында егіншілік шаруашылығының дамуына, қысқы жем-шөп қорын дайындау жұмысына ықпал етті. Шаруашылық түрленіп, жаңа кәсіп орындары ашылып, Қарқаралыда тері илеу мен кірпіш құю зауыттары жұмыс жасап, диірмендер саны артады. Сондай-ақ, жәрмеңке кезінде би мен болыстар ел ішінде болып жататын түрлі дау-жанжалдарды, рулар арасындағы келіспеушіліктер мен қақтығыстарды шешіп жатты.

Қажымұқан осы жәрмеңкеде Үндістан мен Қытайдың чемпионымен белдесіп, жеңгені айтылады.

Осындай дүлдүлдер келетін жәрмеңке қызығын көруге алыс-жақыннан асыққан жұрт қарасы көп болғаны белгілі. Жәрмеңкенің думанды сипатын ақын Кеңшілік Мырзабеков:

Осында Қояндыға ағылған жұрт,  
Жеткізбей дүние — түлкі,  
сабылған жұрт.

Дүниенің, пенделіктің құрсауынан  
Бір сәтке босаған жұрт, арылған жұрт,  
— деп жырлайды.

Қоянды жәрмеңкесінің мән-маңызын



Осыншама қайнаған тыныс-тіршіліктің ішінде сол замандағы жұртшылықты тәтті қылған ақын-жыршылардың, салсерілердің, әнші-күйшілер мен палуандардың, шеберлер мен зергерлердің өнерін тамашалауға болар еді. Жәрмеңкеде Абай да бірнеше рет болған дейді, мұнда Әсет пен Ғаббастың, Кемпірбай мен Жауа Мұсаның, Тәттімбет пен Бір-

айтқанда, атақты «Қарқаралы петициясын» міндетті түрде атап өтеміз. Әлихан Бөкейхан, Ақбайдың Жақыбы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ақайдың Хасені және басқа да Алаш арыстары Қоянды жәрмеңкесінің әлеуметтік мәнін жақсы түсініп, теңдік пен бостандық үшін халықты саяси күреске шақырған. Халықтың көп шоғырланған жерінде үгіт жүргізіп, 14 мың



Жәрмеңке көрігі қызып, жан-жақтан жиылған халықтың нөпірі қалың болғандықтан, саудамен қатар, әлеуметтік нысандар да жұмыс жасаған. Оның ішінде, мешіт пен шіркеу, пошта-телеграф бөлімшелері, сот пен банк кенселері, одан бөлек

және Ақан сері мен Қажымұқанның ізі қалған. Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Майра, Әміре, Мәди мен Иса сынды талай саңлақтар жәрмеңке төрінде дүйім халықтың көңілін көтеріп, өнерімен тәнті еткен. Кей деректерде 1923 жылы

адамға дейін қол қойған құжат әзірлеген. Бұл отаршыл үкіметке қарсы жолданған көлемді де мән-маңызы ерекше саяси құжат болғаны анық. Белгілі ғалым Зарқын Тайшыбай: «Құжаттарды қолына алып, мұқият оқығандар болса, онда тек «мешіт

пен қажылық» қана емес, алты жарым миллион қазақ халқының мүддесі мен мұқтажы терең әрі жан-жақты қозғалғанын көрер еді», — деп жазады.

Осы орайда, сол бір жауапты шақта Алаш оқығандарына өңірдің ірі байы Ақайдың Хасені ерекше қолдау көрсеткенін және Қоянды жәрмеңкесіне тікелей ықпал еткенін атап өткен жөн. Тіпті, Әлімхан Ермеков өз естелігінде онсыз жәрмеңке ашылмайтынын, жәрмеңке саудасына тікелей демеу жасап отыратынын атап айтады.

Қоянды жәрмеңкесі 1930 жылға дейін өткізіліп тұрды. Кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында, әсіресе, жаңа экономикалық саясат тұсында жәрмеңкенің патша тұсындағы табысы арта түсті. Жаңа саясатта ауыл шаруашылығы алға басып, сауда-саттыққа еркіндік берілген соң Қоянды жәрмеңкесінің де тасы өрге домалап, жылдық табысы бес миллион рубльге дейін жетеді. «Жәрмеңке хабаршысы» газеті мыңдаған тиражбен таратылып, радио хабарлары беріліп тұрды. «Халық үйі» жұмыс жасап, қазақша сахналық шығармалар қойылды.

Иә, айта берсе, Қоянды жәрмеңкесінің тарихи, әлеуметтік, рухани маңызы туралы құнды деректер аз емес. Зерттеушілер аталмыш тақырыпты әлі де тереңінен зерттеу үстінде. Бұл бағытта әлі де талай тың деректерге қанығамыз деген сенімдемін.

Бұндай мерейлі жылдардың ескіні жаңғыртып, ұмытылғанды қайта еске түсіретін сипаты болады. Қоянды жәрмеңкесінің биылғы мерейтойы да бізге өткен ғасырлардағы айшықты жылдары елесін қозғалдырмай ақпалды. Осындайда тойдың атақ-мәртебесін көтеріп, сайын даланы дүбірге бөлеп, үлкен той ұйымдастыруға да әбден болады. Алайда соңғы бірнеше жылдағы қуаңшылық салдарынан ауыл халқы мен шаруалардың қысқы мал азығын дайындаудағы қиындықтары, дала өрті қаупінің артуы бізге өзгеше бір жолды нұсқап отыр. Ақ боз үйлер тігіп, ат шаптырмасақ та, мерейтойға байланысты, мәдени-көпшілік шараларын, рухани мұраларды қастерлеу, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру көзделуде. Оның ішінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының көпшелі отырысы мен Қоянды жәрмеңкесінің мол тарихын қаузытын тарихшылардың конференциясын өткізу, өлкенің туризмін дамыту мақсатында арнайы баспасөз турын ұйымдастыру және тағы да басқа мерекелік шараларды өткізу жоспарлануда.

Қоянды жәрмеңкесінің тарихын түгендеп, мәртебесін көтеру тек бір жылдың ғана үлесінде болмаса керек. Жәрмеңкенің ел мен жердің шежіресінде сақталған 82 жылдық ғұмырнамасы қашанда өзінің бай да құнарлы мазмұнымен өзіне назар аудара берері анық.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
Қарқаралы ауданының әкімі

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Сарандағы салтанат

Халықаралық Жастар күніне орай Саран қаласында мерекелік салтанат өтті. «Жастармен бірге» деп аталатын бұл шараның бағдарламасы да бай болды.

Erjan IMASH,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Онда қала жастарының флешмобқа, бос орындар жәрмеңкесіне, түрлі шығармашылық ұйымдар мен клубтардың, спорт секцияларының жарнамалық тұсаукесеріне, денсаулық орталығына, «Мәміле» қазақтың ауызекі тіл клубына қатысуына мол мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ, «Жастар — ел дамуының басты драйвері» атты кітап көрмесі де келушілердің қызығушылығын тудырып, көптеген адам заңгер мен психологтың кеңесі мен көмегін алды. Көркемөнерпаздардың концертпен басталған мерекелік салтанат жастардың би кешімен аяқталды.

САРАН



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Энергия тапшылығы жойылады

Сараптағы бұрынғы Резецке-техникалық бұйымдар шығаратын зауыт аумағында қазір Саған индустриалдық аймағы құрылғаны мәлім. Онда өнеркәсіптік кластер белсенді дамып келеді. Қарағандыны үнемі жана автобустармен қамтамасыз ететін «QazTehna» зауытынан өзге, жақын арада тағы бір өндіріс ошағы пайда болмақ. Таяу арада тұрмыстық техника шығаратын өндіріс есігін айқара ашады. Электр энергиясын тұрақты өндіруді қажет ететін басқа да өнеркәсіптік кәсіпорындар бар. Сол шина зауытын айтсақ та болар. «Қарағанды Жарық» компаниясының өкілдері автобус шығаратын зауытты электр қуатымен қамтамасыз ететін «РТБ» аумағындағы қосалқы станциясын жаңғырту барысын пысықтады. Бұл орайда «Қарағанды Жарық» компаниясы Қарағанды облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаменті өкілдері, мәслихат депутаттары мен тілшілер қатысқан баспасөз туры өткізді.

шаралар ел ішінде Фин аталған қала бөлігінде, екінші кеніште және Ақтастағы жеке секторда жалғасады.

Мұнымен бірге, «Қарағанды Жарық» компаниясы қаладағы ескі трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңасына ауыстырып жатыр. Мысал үшін, жақында

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Компания мамандары зауыттың қосалқы станциясын қайта құру барысы хақында баяндады. Әдеттегі 0,4 кВ-тық әуе желілерін қазіргі заманғы электр беру әуе желілеріне ауыстыру науқаны қызу жүруде. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы трансформаторлық қосалқы станция бүгінгі заман талабына сай келмейді. Сондықтан, жабдық тұтасымен жаңаланды. Мұндай трансформаторлық қосалқы станция облыстық клиникалық аурухананың маңында, әрі Қарағандының өзге аудандарында, Шахтинск қаласы мен Дубовка кентінде орнатылған.

Қосалқы станция резецке бұйымдар зауытын электр қуатымен қамтамасыз етуге арналған. 90-шы жылдары зауыт жабылғаннан кейін станция жұмысын жалғастырды. Бірақ қарқыны едәуір бәсеңдеген. «QazTehna» автобус зауыты сияқты заманауи кәсіпорындар жұмысын бастап, мұндағы өнеркәсіп қайта жандана бастаған кезде, энергия тапшылығы айқынрақ сезілді. Сондықтан, соңғы үш жыл ішінде «Қарағанды Жарық» компаниясы қосалқы станцияны қайта жөндеуден өткізді.

«Қарағанды Жарық» компаниясының бас директоры Дидар Ахмадин мен техникалық директор Константин Конради аталған станцияны жаңғырту барысы туралы толығырақ айтып берді.

– Кешен толығымен қайта жаңартылды. Қазіргі уақытта коммутациялық аппараттарды заманауи құрылғыларға толық ауыстыра отырып, осы станцияны қуаттайтын 110 кВ-тық әуе желісіне күрделі жөндеу жүргізілуде. Тіректерді ауқымды жөндеу, найзағайдан қорғайтын, сымдар мен сызықтық аспалы арматураны ауыстыру жүріп жатыр. Тапсыру мерзімі – осы жылдың қазан айы. Жалпы құны – 1 миллиард 678 миллион. 40 Мва трансформаторлары өзгеріссіз қалды. Қазіргі уақытта олар осы қосалқы станцияны электрмен жабдықтау үшін сұралған қуат талаптарын қанағаттандырады, сондықтан ауыстыру қажет емес, – дейді Константин Конради.

Дидар Ахмадин бұл жұмыс «РТБ» ауданының өнеркәсіптік кешенін электрмен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін жақсарту үшін жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Одан әрі «ЗРУ-6» атты электр тарататын кешен таныстырылды. Нысанға тұтасымен жаңа жабдық сатып алынған. Сарапшылардың қарапайым мысалына, бұрын бұл жерде «Жигули» денгейіндегі жабдық қолданылған болса, енді қосалқы



станция «Lexus»-қа көшіпті.

– Жабдық 6 кВ кернеу класы бойынша электр энергиясын таратуға арналған. Мұнда толығымен жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Гимарат пен шатыр жаңартылды. Тарату құрылғысы Санкт-Петербургтегі «ЭлектронМаш» зауытының өндіріс ұяшықтарына ауыстырылды. Бұл – жабдықтың ең үздік саналатын желісі. Мұндай ұяшықтар бұрын компанияда болмаған, – деп атап өтті Константин Конради.

Бұдан әрі баспасөз турына қатысушыларға Қарағанды өңірінің күрделі климаттық жағдайынан қорықпайтын әдеттегі 0,4 кВ әуе желілерін қазіргі заманғы электр беру әуе желілеріне ауыстыру үдерісі баяндалды. Жәнібеков көшесіндегі жеке сектор тұрғындары найзағай мен қатты жел кезінде электр желілерінің үзілуі

салдарынан бірнеше рет шағымданған көрінеді. Бұл мәселе әдеттегі электр желілерін жаңасына ауыстыру арқылы түбегейлі шешілген.

– Өздеріңіз көріп тұрған заманауи окшаулағыш сым ауа райының қолайсыздығына, қатты соғар желден, тіпті, тал-дарактың оқыс құлауынан да «қорықпайды». Осы технология жолымен тұтынушылардың сенімі мен алғысын иелендік. Сондай-ақ, мұндай желілік сымға өздігінен қосылу өте қиын. Яғни, электр энергиясының ұрлануын азайтады, – деп түсіндірді Дидар Ахмадин.

Кәдімгі электр беру желілерін жаңалау қаланың өзге аудандарында да жүргізілді. Михайлов, Федоров, 16-шы дүкен, қала орталығы, Майқұдықтағы Берлин және Сахалин шағын аудандары тұтасымен жаңаланды. Келесі жылы осындай ілкімді

облыстық клиникалық аурухана маңында жаңа трансформаторлық қосалқы станция орнатылды. Ескі қосалқы станция 70-ші жылдары салынып, әбден ескірген көрінеді.

– Сипаты сапа мен сенімге ие станция, ең алдымен, емхана мен әлеуметтік нысандар үшін аядай қажет. Тұтынушылар да электр тапшылығын сезінбейді. Қарағандыда осындай сегіз жаңа трансформатор, Шахтинск қаласында және Дубовка кентінде үшеуі орнатылды, – делі Дидар Ахмадин.

Еске салып өтелік, тұтынушыларды сапалы энергия көзімен қамтамасыз ету – «Қарағанды Жарық» ЖШС-нің негізгі мақсаты. Компания энергетикалық жабдықтар паркін жаңартуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыруды үзбейді.




## Жобадан шарапат

Ауылды жерлерді сапалы жол, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етіп, инфрақұрылымын дамытуда «Ауыл ел – бесігі» жобасының шарапаты мол. Был Абай ауданының Юбилейно ауылында, Бұқар жырау ауданының Қызылжар және Қызылқайың ауылында, Нұра ауданының Байтуған және Заречно ауылында, Осакаров ауданының Озерное ауылында 6 фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадионды қайта жаңарту жұмыстары аяқталуда.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау, Шет, Нұра, Осакаров аудандарындағы бірқатар мектептерде құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде.

Аймақта ауылдық жердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыруға арналған жобалар аясында бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысы да аяқталуға жақын. Атап айтқанда, Ботақара, Мұстафин, Топар, Ақтас кентінде, Приозерск қаласында бес дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және Қарқаралы қаласында стадион құрылысы жалғасуда. Сонымен бірге, Бұқар жырау ауданының Доскей, Көкпекті, Үштөбе ауылдарында клуб құрылысы басталды.



# Жылу энергетикасы: өңір өмірінде

Шахтинск қаласы – Қарағанды облысының өнеркәсіптік ауданы. Шаһардың өнеркәсіптік базалық саласын қайта өңдеу, электр энергиясын заман ағымына сай таратуда, экономикалық дамуында тиісті кәсіпорындарының алар орны зор. «Шахтинсктеплоэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Шахтинск қаласын жылумен жабдықтайтын жалғыз қайнар көзі. Жылу электр орталығы қолданысқа 1964 жылы тапсырылған. Мұнда жылыту кезеңіне дайындық аясында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

мекемені, үш мәдениет және бір спорт объектісін қамтиды. Оған 15 әкімшілік нысанды қосыңыз.

Еске салып өтелік, «Инвестицияларға

айырбастау тарифі» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инвест бағдарламаға бюджет қаражаты есебінен орындалатын және тарифтің шамасына әсер етпейтін жалпы сомасы 77 миллион теңгеге 536 метр жылу желілерін ауыстыру бойынша қосымша іс-шаралар енгізілген еді. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша мердігерлермен тиісті келісімшарттар жасалып, жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілуде.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ұйытқы болған баспасөз турына қатысушылар Жеңістің 40 жылдығы мен К.Маркс көшесіне дейінгі магистральдық құбырларды жаңалау бойынша орындалған жұмыс барысымен танысып, жылыту маусымына даярлық деңгейіне көз жеткізді. БАҚ өкілдері компания қызметіне, сондай-ақ кәсіпорынның жұмыс жоспарын уақытылы әрі сапалы орындалуына қатысты сауалдарын жолдап, құзырлы мекемелер өкілдерінен тиісті жауап алды.

Инвестициялық бағдарламадағы барлық шара Шахтинск қаласының тұрғындары мен кәсіпорындарын жылу энергиясымен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталғаны аталды. Бұл ретте кешенді амалдардың бір бөлігі алдағы жылдары қаланың тыныс-тіршілігін қолдау үшін ерекше маңызға ие.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес, биыл Индустриальная көшесі бойындағы кірпіш зауыты ауданындағы магистральдық құбыр учаскесін қосымша құн салығынсыз 23 млн. теңге сомасына жаңалау жұмысы жоспарланды. Жұмыс кестеге сай жалғасын табуда. Сараптау кезінде Молодежная көшесінің бойындағы магистральдық құбырлардың тозығы жеткені анықталды. Алдағы уақытта оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында құбырларды ауыстыру шаралары жедел түрде қолға алынды. Мердігер – Bolashak Build Company компаниясы тарапынан Табиғи монополияларды реттеу комитетіне инвестициялық бағдарламаға тиісті өзгерту енгізуге өтінім жолдады. Комитет ұсынысты қарастыру үстінде, – деп баяндады «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС директоры Мұрат Әлімов.

Бүгінгі күнде компания жылумен 250 көпқабатты тұрғын үйді, 25 әлеуметтік, 17 білім беру нысанын, төрт медициналық

### 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОСЫМША ШАРАЛАРЫ

**МЕРДІГЕР**

<p>1 А. Құнанбаев даңғылы бойындағы құбырды жаңалау</p> <p>2 Маркс көшесіне дейін берілетін орамшілік құбыр учаскесін ауыстыру</p> <p>3 Жеңістің 40 жылдығы көшесі бойынша 62-үйге дейін жеткізілетін орамшілік құбырының учаскесін жаңалау</p>	<p>“АлатауКлимат” ЖШС</p> <p>“Қостанайқұрылыс сервис” ЖШС</p> <p>“МеридианСтрой Сервис” ЖШС</p>
---	---

**ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ**

• ҚҰРМЕТ

# Көрнекті тұлға, ғұлама ғалым

Көрнекті мемлекеттік, ғылыми, қоғамдық және саяси қайраткер – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Бақытжан Жұмағұлов Қазақстанның білім және ғылым жүйесін дамытуға, оны жаңғыртуға және әлемдік деңгейге шығаруға елеулі үлес қосқан адам. Оның көп қырлы және ерекше жемісті еңбек қызметі отандық білім мен ғылымға арналған.

Бақытжан Жұмағұлов 1953 жылғы 18 тамызда Талдықорған облысының Қапал ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының қатысушысы Тұрсын Жабайұлы мен аудандық кітапхана меңгерушісі Кенжетай Батырбекқызы балаларына жастайынан еңбексүйгіштік, еңбек адамына деген құрмет, әдептілік, қарапайымдылық және оқуға деген сүйіспеншілік қасиеттерін сіңірді. Мектепте, әскерде, кейін бұрынғы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып жүргенде Бақытжан Жұмағұлов көшбасшылық қасиетімен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Спортпен белсенді айналысты, студенттердің құрылыс отрядтарының командирі, факультеттің комсомол комитетінің хатшысы болды. Бақытжан Жұмағұловтың ірі ғалым, ғылымды және жоғары мектепті ұйымдастырушы ретінде қалыптасуында сол кездегі университет ректоры, көрнекті қазақстандық ғалым-механик, академик Өмірбек Жолдасбеков үлкен рөл атқарды.

Бақытжан Тұрсынұлының өмірінің едәуір бөлігі «alma mater»-мен байланысты. Оқуды бітіргеннен кейін университет инженерінен бастап, ректорына дейінгі еңбек жолынан өтті.

Ғылыми қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясымен тығыз байланысты. 1991 жылы ол КСРО Инженерлік академиясының Қазақ бөлімшесі Президиумының Бас ғылыми хатшысы болып сайланды. Ол кейін ҚР инженерлік академиясы, ал 2003 жылдан бастап ҚР Ұлттық инженерлік академиясы болып қайта құрылды. Бақытжан Тұрсынұлы – бүгінде Қазақстандағы ірі және ықпалды қоғамдық ғылыми ұйымға айналған және еліміздің барлық өңірлерінде ондаған бөлімшелері мен филиалдары бар, өз құрамында еліміздің ғылыми және инженерлік ақыл-ой элитасын біріктіретін академияның президенті.

Академияның өңірлік филиалдарының бірі Қарағандыда орналасқан. Қарағанды облысы әкімі жанындағы Ғылым, инновациялар және жаңа технологиялар жөніндегі өңірлік кеңес аясында филиал ғалымдары ұлттық экономика үшін негізгі өнеркәсіптік компаниялармен, оның ішінде, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында жұмыс істейтін «Корпоративтік университет» инновациялық-білім беру консорциумының 70-тен астам жүйе құраушы кәсіпорындарымен табысты өзара іс-қимыл жасайды. Консорциум құрамына «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ЖЭЙ-

рем КБК» АҚ, «Шұбаркөл Көмір» АҚ және т.б. ұлттық экономиканың танымал көшбасшылары кіреді.

Бүгінде академияның Қарағанды филиалы ғалымдарының шығармашылық ұжымдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қойған ғылыми зерттеулердің деңгейі мен нәтижелілігін, өндіріске деген сұранысын арттыру бойынша басым міндеттерді сапалы әрі нәтижелі орындауға бағытталған. Қарағанды филиалының ғылыми-зерттеу қызметі өнеркәсіптегі технологиялық инновациялар мен инжинирингке, металлургия, тау-кен ісі, машина жасау, энергетика, көлік, құрылыс, өндірістік процестерді автоматтандыру, IT-индустриядағы ғылымды қажетсінетін және



есін басқару және реформалау мәселелерімен, барлық меншік нысанындағы жоғары оқу орындарын аккредиттеу, аттестаттау, ҚР ғылымы мен білімін дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалануды қаржылық бақылау мәсе-



цифрлық технологиялар негізінде өнім сапасын арттыру бойынша өндірісте сұранысқа ие жаңа ғылыми бағыттарды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Бақытжан Жұмағұловтың қызметі Қазақстан ғылымы мен білімінің ірі реформаларымен тығыз байланысты екенін айта кеткен жөн. Мәселен, 2001-2005 жылдары Білім және ғылым бірінші вице-министрі ретінде ол елдің жоғары және орта білім беру жүйе-

лерімен айналысқан.

2008-2010 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметінде Бақытжан Тұрсынұлы Болон талаптары мен әлемдегі білім беруді дамытудың заманауи үрдістеріне сәйкес оқу процесін қайта құруға және жетілдіруге көп көңіл бөлді.

Оның 2010 жылдан 2013 жылға дейінгі Білім және ғылым министрі ретіндегі жемісті еңбегі ҚР білім бе-

руді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басталуымен тұспа-тұс келді. Осы Мемлекеттік бағдарлама аясында Бақытжан Тұрсынұлы министрліктің жұмысын білім мен ғылымның қазақстандық моделін жаңғыртуға және құруға бағыттады. Бұл бүгінгі таңда білім беру мен ғылыми зерттеулердің түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізуге және оларды әлемдік деңгейге шығаруға мүмкіндік берді.

Болон процесінің принциптері негізінде «бакалавр – магистр – философия докторы» үш сатылы жүйесіне көшу жүзеге асырылды. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың халықаралық жүйесі енгізілді. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы құрылды. Шетелдік сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырыла бастаған ғылыми жобалар сараптамасының сапасы, объективтілігі мен ашықтығы артты.

Ұлттық ғылым академиясының академигі Бақытжан Жұмағұловтың Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан жеке үлесі өз алдына. Ол көмірсутектерді барлау, өндіру және тасымалдаудың технологиялық процестерін математикалық модельдеудің негізін қалап, қазақстандық ғылыми мектеп құрды, оны бүгінде өзінің оқушылары мен ізбасарлары табысты дамытуда.

Бақытжан Тұрсынұлының Қазақстандағы ғылым мен білім беру жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесін мемлекет жоғары бағалады. Ол Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Парасат», «Барыс», «Отан» ордендерімен, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР құрметті инженері және білім беру қызметкері, ҚР Ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтарымен және басқа да бірқатар наградалармен марапатталды.

Бақытжан Тұрсынұлының жетпіске келсе де, қазақстандық ғылым мен білім беруді одан әрі дамытуда көптеген инновациялық идеялар мен нақты жоспарлары бар екенін айту керек.

Ұлттық инженерлік академиясының Қарағанды филиалы ғалымдары мен Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ профессорлық-оқытушылар құрамы Бақытжан Тұрсынұлының мерейтойымен құттықтап, оған зор денсаулық, отбасының амандығын, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметте жаңа шығармашылық табыстар тілейді!

**Марат ИБАТОВ,**  
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі, ҚР УИА академигі, ҚР УИА Қарағанды филиалының төрағасы, ҚР әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Қант қымбаттамайды

2022 жылы қант бағасының күрт өсуіне байланысты мемлекет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуін болдырмау үшін жоба әзірленген-ді. Осы жоба аясында 2023 жылдың басынан облыста қант бағасын тұрақтандыру үшін бірқатар жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Тараз қант зауытымен қант жеткізуге шарт жасалды. Бұл туралы «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мәлімдеді.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шарт бойынша, зауыт биыл облыста қанттың бір келісін 460 теңгеден жіберуге міндеттеме алды. Өкелінетін қанттың жалпы көлемі – 3600 тонна. «Сарыарқа» ӘКК бүгінгі күні көтерме сауда орындарында қанттың бір келісі 370 теңгеден сатылатынын хабарлады.

– Үкіметтің Қаулысына сәйкес, 2022 жылғы қарашада Тараз қант зауытына Қарағанды облысының аумағына қанттың бір келісін 460 теңгеден аспайтын бағада өткізу үшін қарыз берілді. Бүгінде көтерме сауда орындарында қанттың бір келісі 370 теңгеден, ал, бөлшек сауда орындарында 387-401 теңгеден сатылуда, – делі корпорация өкілі. Бұл шара қант бағасын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Қант бағасын ұстап тұру 2024 жылдың жаз айларының соңына дейін жүзеге асырылады.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Студент жатақханасыз қалмайды

Бүгінде облыста жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту бағыты бойынша іргелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, жоғары оқу орындары мен колледждерде 2019 жылдан бері 982 орынға арналған 7 жатақхана пайдалануға берілген.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Қарағанды медицина университетінде 400 орынға арналған заманауи жаңа жатақхананың құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, 250 орындық жатақхананы қайта жаңғырту жұмыстары басталды.

Одан бөлек, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 500 орынға арналған жатақхананың құрылысын бастады.

Осылайша, 2025 жылдың соңына дейін облыста 1 732 орынға арналған 9 жатақхана пайдалануға беріледі. Бұл студенттердің алаңсыз білім алуларына жақсы мүмкіндік туғызатын маңызды шаралар екенін айту керек.

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Суға батқан баланы құтқарды

Теміртауда Арман Максимов есімді 8-сынып оқушысы суға батып бара жатқан баланы құтқарып қалған. Оқиға металлургия шаһарындағы техникалық каналда орын алды. Облыстың төтенше жағдайлар департаменті ержүрек құтқарушыны ведомстволық наградамен марапаттау үшін министрлікке хат жолдапты.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқиға бірінші тамызда болған. Хабар құтқарушыларға 16:50-де түсіпті. Мамандар айтылған мекенжайға жедел аттанған. Бірақ, ересектер жеткенше Арман Максимов суға кетіп бара жатқан баланы жағаға шығарып үлгеріпті.

– Досым екеуіміз каналдың бойымен келе жатқан едік. Жанұшырған дауысты естідім. Маған екі бейтаныс бала жүгіріп келіп: «Жүзе аласың ба? Ана жерде адам суға батып барады» деп көмек сұрады. Бірден суға секірдім де, оны аяғыммен жағаға итеріп жібердім. Өзім әрең жүзіп шықтым. Бойда қорқыныш болмады. Бұндай кезде өз өмірің туралы ойламайды екенсің. Баланың аман қалғанына қуандым. Өз-өзіме таң қалғанымыз да жасырмаймын. Бәрі қас пен көздің арасында бол-



ды. Ойланып, жағдайды бағамдай да алмадым. Бар ойым баланы құтқарып қалу еді, – деді Арман. Баланы жағаға алып шығуға Арманның достары көмектескен. Құтқарылған баланың жасы шамамен 12-13-ге дейді кішкентай

қаһарман. Ол есін жиған соң заттарын жинап алып, қашып кеткен. Жеке басын анықтау мүмкін болмапты.

Арман екі жыл бұрын жүзуді өз бетінше үйренгенін айтады. Енді

мектеп қабырғасындағы қанатсыз періште ерлігі үшін ведомстволық наградамен марапатталуы мүмкін. Облыстық департамент министрліктен хабар күтіп отыр.

ТЕМІРТАУ

Жарамсыз деп танылсын

Сұлтан Умирзакович Оралбаевтың атына Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті берген №11047 зейнеткерлік куәліктің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№490

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о проведении ежегодного внеочередного общего собрания участников (далее ОСУ) ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ), которое будет проведено в 10.00 ч. 15.09.2023 года очным путем в г. Караганда, ул.Сатыбалдина 29/2.

Повестка:

1. Избрание председателя и секретаря ОСУ КТ.
2. Принятие решения о предоставлении в АО «Аграрная кредитная корпорация» в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» в соответствии с условием Рамочного соглашения №364-КГФ-КТ11 от 28 апреля 2016 года автотранспортное средство КТ марки Mitsubishi ASX регистрационный № 732AC09, 2021 года выпуска.

№205

## Құттықтаймыз!

Қасиетті Қарқаралы өңірінің тумасы, ветеринария саласына 50 жылдан аса еңбегін сіңірген белгілі ғалым, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор ұстазымыз **Марат БАЗАРБАЙҰЛЫН** 15 тамызда 75 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Марат Базарбайұлы еңбек жолын 1969 жылы шаруашылықта қатардағы ветеринария фельдшерінен бастап, бүгінгі таңда ветеринария ғылымдарының докторы, доцент, профессор атақтарының иегері. 50 жылдан аса ветеринария саласында қызмет атқара жүріп, жас мамандарды ғылым саласына тартып 5 ғылым кандидатын дайындап, 200-ден аса ғылыми жұмыстар атқарды, оның ішінде 3 монография, 160 мақала, 18 нұсқама, 17 патент, 8 ветеринариялық препарат, 2 куәліктің авторы.

Бүгінгі мерейлі жасыңызға тағы да ұзақ ғұмыр тілей отырып, жеткен жетістіктеріңіздің бәрін – еңбегіңіздің жанғаны, максаттарыңыздың орындалғаны деп білеміз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Құтты болсын, жетпіс бестін белесі,  
Токтамасын өмір-кештің кемесі.  
Жамбылдайын жүз жасыңызды көрейік,  
Мерейтойлар тойланумен келесі!

Тілек білдірушілер: шәкірттеріңіз **Ғалым, Досым, Данагүл, Сайран, Меруерт және Қарағанды ветеринария ғылыми-зерттеу стансасы ұжымы.**

№488

## Марат Темірұлы РАЙЫМБЕКОВ



Көрнекті қоғам қайраткері, ел ағасы, Осакаров және Қарқаралы аудандарының Құрметті азаматы Марат Темірұлы Райымбеков өмірден өтті.

Ол 1947 жылы 6 наурызда дүниеге келді. Волгоград ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірді.

Қарқаралы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, хатшысы, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарды.

1985-1989 жылдар аралығында Молодежный аудандық атқару комитетінің төрағасы болды.

1989-1991 жылдары облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, хатшысы болып қызмет атқарды.

1991-1994 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары, жер қатынастары жөніндегі комитеттің төрағасы болды.

1996-1997 жылдары Ульянов ауданының әкімі қызметін атқарды.

1997 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық басқарманың басшысы болды.

Марат Темірұлы Райымбеков ұзақ жылғы адал еңбегі үшін бірқатар үкімет наградаларымен марапатталды.

Ауданды дамытуға қосқан үлкен үлесі үшін «Осакаров ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды.

Абзал азамат, ардақты аға Марат Темірұлы Райымбековтің жарқын бейнесі біздің есімізде сақталатын болады.

- Е.К.БӨЛЕКПАЕВ,  
Н.С.ҚОБЖАНОВ, В.Б.БА-  
СИН, Е.Ш.ӘЛҚҰЛОВ,  
Е.А.АЛПЫСОВ, Б.К.А-  
САНОВ, О.Т.ТОРЕГОЖИН,  
М.Ш.ШАЕКИН,  
К.С.БУРАБАЕВ,  
Т.М.ШАХАРБАЕВ,  
Р.К.ОМАРБЕКОВА,  
К.К.МЕЙРАМБЕКОВ,  
А.Р.РАХИМОВ,  
Т.М.МАЖИТОВ,  
Н.И.ОМАРХАНОВ,  
М.М.КОЖУХОВ,  
Е.Б.ҚҰСАЙЫН,  
Р.Е.НҮРМҰХАМБЕТОВ,  
А.Қ.СҮЛТАНГАЛИ**

## Арда азамат еді...

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Осакаров ауданының Құрметті азаматы Марат Темірұлы Райымбеков 77 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Марат Темірұлы – 1947 жылдың 6 наурызында өмірге келген. Волгоград ауылшаруашылық институтын, агрономия факультетін тәмамдаған.

Қарқаралы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1985-1989 жылдары Жастар аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1989-1991 жылдары ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитетінің хатшысы, 1991-1994 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары, жер қатынастары комитетінің төрағасы болған.

1996-1997 жылдары Улья-

нов ауданының әкімі болса, 1997 жылдан бастап зейнет демалысына шыққанша аталған аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған. Кейін Қарағанды облысының Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық басқармасын басқарған.

Аудандық мәслихаттың 2000 жылғы 27 қыркүйектегі № 23/2-3 шешіміне орай жемісті мемлекеттік, қоғамдық қызметі және ауданның 60 жылдығына байланысты «Осакаров ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Жаны жайсаң, еліне адал қызмет еткен арда азамат еді. Халқына сіңірген еңбегі ұмытылмақ емес. Оның жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Қарағанды облыстық мәслихаты Марат Темірұлы Райымбековтің отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, Осакаров және Қарқаралы аудандарының Құрметті азаматы

**Марат Темірұлы РАЙЫМБЕКОВТІН** қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

## Хош бол, аяулы ағам!

«Атыңнан айналайын, Қарқаралы...»

(Мәди)

– Бү тұқымның маңдайына жылда бір елге көш түзеу жазылған ғой? – деп еді шешем Һалифа 1978 жылы Қарқаралыға табанымыз тиген күні, – 1948 жылы, Гүлғайын (Күлкен) туған соң, Қарқаралы-Жаңатағаннан Ақтоғайға бет алып едік. Қырық жылдан кейін, міне, Қарқаралыға қайтып келдік...

Шешеміз ентікпе деген дауасыз дертке ұшырап, ауасы ем болар деп, жер ауыстырып, Жиренсақал тауының етегіне келіп, көш басын тіреп едік.

– Комсомол шыны ғой бұл! – деген шешем көгілдір тауларға сүйсіне көз тігіп, – Қасиетті Қарқаралы – осы! Мен осыдан отыз төрт жыл бұрын осы елге келін боп түскем... Әкең онда Ұзынбұлақта басқарма болатын. Әкеңнің шешесі Күланда марқұм осында – Ұзынбұлақта жатыр. Бөтен жер, бөгде орта. Бауыр баса алмай, біраз дағдардык.

Сол жылы Алматыда Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Жаманқұл Шайдаровпен кездесіп қалдым. Ескі Үкімет үйінің алдындағы гүлбақта серуендеп жүр екен. Көзге ыстық, еркелеп жүріп, етене жақын болып кеткен ел ағасына жүгіріп барып, сәлем берем:

– Серік! Сен қайда жүрсің? – деген. Көзі өткір кісі еді, өңменінен өтіп кете жаздады.

– Қарқаралыға көшіп кеткенбіз...

– Неге?  
– Шешемнің денсаулығы сыр беріп, дәрігерлер жер ауыстыру керек деген соң...

– Қарқаралы мен Қызыл-арайдың айырмасы бар ма?! – деді Жәкең жақтырмай. – Дерреу елге қайт!

Кір жуып, кіндік кескен елімнен осы Жәкеңнен басқа тірі пенде іздемеді мені! Жұмыс таба алмай, Жиренсақал мен Қарқаралы, Қарағайлының арасында біраз сандалғаным әлі есімде...

Сайран менің он сегізін Аққудайын айналқолде Ақтоғайға арбалды. Орда бұзар отыз жасым, Қамал алар қырық жасым Қарқаралыда қалған-ды. Қазыбек би жоқ, Әйтеке би де, Төле де, Алдына барып бақ сынаар. Тоталитаризм – төбеле.



Төрімде кілең – қабағын түйген хатшылар! Біреуге ұнар, ұнамас, Түнктен Күнді шолғанда, – Содан да қалған мына бас, Адыра қалмас Алашы азат болғанда?!

О да бір ойран кез еді. Өртендім – күйдім. Егілдім – сүйдім, – лақылдап. Жанымның жасын кезеңі Өзімнен көшіп, өлеңде қалды Лапылдап! Көзімде – сорам... Қайтейін соны сезбесе ел? Көкірегіме көктей кеп Көктен жетті өлең.

Ел лағып жүрген кезде сол Лапылдап жанып, Мен қалай күл боп кетпегем?!

Бір күні шешем: «Аупарткомның үшінші хатшысы Марат Райымбеков көрінеді. Соның қалындауына бар, оның әкесі Темір марқұм сенің әкеңнен бірге қызмет атқарған, – деді, – саған оң көзімен бір қараса, сол қарайды...»

Әзер кірдім ол кісіге... Қызыл шырайлы, көңілді жігіт ағасы орнынан ұшып түрегеліп қарсы алды. Аты-жөнімді айтып, өзімді таныстырып жатырмын:

– Өй, Серік Ақсұңқарұлы сенсің бе?! – деді ол мені сынай қарап, өз көзіне өзі сенбегендей – Мен сені Алматыдан келген біреу екен деп қалсам? Сені бізге біреулер «мінезі жаман, өзі – сері, ішетін жігіт...» – деп жамандап қойып еді...

Ойлаып біраз отырды... Оңдырмай жамандап тастағаны көрініп тұр. Бірақ, көре сала

көңіліне жаққанымды аңғардым. Сол бетте аудандық газеттің редакторына телефон шалып, дереу жұмысқа алдырды. Бұл Совет өкіметінің кемеліне келіп тұрған кезі. Орыстың осы заманғы ұлы ақыны Иосиф Бродский «арамтамақтығы» үшін сотталып кеткен кез! Мен де істі боп кетем бе деп, ішімнен қорқып жүргем... Кейін сол «арамтамақ» Нобель сыйлығының лауреаты болып, Советтің абыройын айрандай төкті ғой?

Осы кісінің арқасында аупарткомның ғимаратының есігін айқара ашып кіретін күнге жеттім. «Сенің әкең Ақсұңқар Сүлейменов 38 жылдары Қарқаралыда аупарткомның хатшысы болғанда қолында 150 «халық жауының» тізімі болған, соның бірде-біреуін ұстап бермей, қызметтен төмендеп, Ұзынбұлақта басқарма болып кетіп еді...» – дейді көзі тірі көнекөз қариялар. Мен кейінде сол боздақтарды ұстаптып жібергендердің біреуінің баласымен газетте бірге қызмет атқардым. Әкесінің сол иттігін кәдімгідей мақтанып, масаттанып айтып отырады. «Менің әкемнен бүкіл Қарқаралы қорқатын...» дейді?! Өзі де біреуді қорқытқысы кеп тұрады әлі?

Қарқаралы – менің Музамның елі! Алғашқы кітабым «XX ғасырдың 20 сәті» осы Қарқаралыда, Жиренсақал Әулиенің баурайында жазылды. Осы елде жүріп, СССР Жазушылар одағының мүшесі болдым. Одан кейінгі «Жез тасқын», «Қызыларай», «Ғасыр кардиограммасы» атты үш кіта-

бым осы топырақта жүргенде жаланның жарығына шығып, атымды алты Алашқа мәшһүр етті.

Ақсораңда бала боп туып, Ақтоғайға ақын боп еркелеп, Қарқаралыда әзер дегенде азамат болдым-ау деймін...

Бүгінде Совет өкіметінің жер-жебіріне жетіп, коммунистік партияға ағаш атқа мінгізіп, айыптау «модаға» айналып тұрғанда сол кезде де «Елім, жерім!» деген Алаш ұлдарының болғанын, ісі қазақтың солардың арқасында аман қалып, өркеніетті елдердің көш, керуеніне ілесіп жатқанын, соның бел ортасынан шыққан біз айтсақ, енді кім айтады?! Ленинді бүгінде күллі жұрт ұмытуға айналған бір керемет сөзі бар: «Дүниежүзілік мәдениеттің тұнығынан жүзіп ішкен, ойы озық адам ғана коммунист бола алады» – деген! Соны бір коммунист құлағына қыстырмады...

Ол кезде небір өткелектен өткен өрелі кадр ғана ауылдан – ауданға, ауданнан – облысқа, облыстан – Астанаға, Астанадан – Мәскеуге барушы еді... Олардың ұлттық, дүниежүзілік әдебиет пен мәдениет қазынадағы білігі, интеллектуалдық деңгейі бүгінгілерден әлдеқайда биік еді. Осы Марат ағамыз Брусилловский операларының арияларын шырқағанда ел оларды Советтің белді шенеунігі емес, Италияның профессионал маэстрасы деп ойлап қалушы еді...

Марат аға содан кейін де небір жауапты қызметтер атқарып, 1990 жылдары Қарағанды облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болды. Қарағандыда бұл кісінің «Обкомның соңғы оғланы» дейді! Сол кездің өзінде тұла бойы – бұрқылдап қайнап тұрған қазақтың қаны! Ұлтының уызынан қанып ішкен! Қарқаралыда дүниеге шырылдап келіп, Қараорман-Қарағандының тұлғасына айналған азамат.

...Бүгін сол аяулы ағамнан айрылып, қанатым қайырылып қалды... О, Ғардуна фание!\*\*\* О, опасыз дүние жалған-ай!(парсы).

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ**

Суретте: **Марат Райымбековпен** бірге.

**Қарқаралы.** 22.03.1988 ж.

## Жарқын бейнеңіз жүректе

Қарқаралы қаласының тумасы, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Марат Темірұлы Райымбеков 77 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Марат Темірұлы талай жыл басшылық қызметте болған білімді де білікті азамат еді. Ол 1947 жылы 6 наурызда Қарқаралы қаласында өмірге келген. Волгоградтағы ауыл шаруашылығы институтын аяқтаған соң, Қарқаралы аудандық партия комитетіне жұмысқа қабылданып, алғашқыда нұсқаушы, бөлім меңгеруші қызметтерін атқарып, аудандық партия комитетінің хатшысы болып тағайындалады.

Тумасынан алғыр, зерек, талабы зор маман қызметте жылдам өрлеп, жауапты қызметтерді лайықты дәрежеде атқара білді.

Облыстық партия комитетіне жоғарылап, нұсқаушы, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгеруші қызметтерін атқарды.

1985-1989 жылдары Молодежный аудандық атқару комитетінің төрағасы болса, 1989-1991 жылдары ауыл шаруашылығы бөлімінің



меңгерушісі, облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне дейін көтерілді.

1996-1997 жылдары Ульянов, қазіргі Бұқар жырау ауданының әкімі болып қызмет етті. Ал 1997 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін, бірқатар жыл Қарағанды облысының аумақтық жер ресурстарын басқару бойынша аумақтық басқарма бас-

шысының орынбасары, одан кейін басшысы болып еңбек етті.

Марат Темірұлы әрбір қызметін жауапкершілікпен, елі мен жеріне деген адалдық сезіммен атқарып, көптеген шәкірт тәрбиелеп, жастарға қамқор аға бола білді. Ол кісінің тәрбиесін алған бірталай азамат бүгінде еліміздің түпкір-түпкірінде жемісті еңбек етуде. Өңірлердің дамуына сіңірген еңбегі еленіп, Қарқаралы және Осакаров аудандарының Құрметті азаматы атағына және басқа да марапаттарға ие болды.

Әулеттің ақылшысы, бала-шағасының ардақтысы болған Марат ағамыз – ұлағатты ұрпақ өсіріп-тәрбиелеген аяулы әке, асыл ата еді.

Қызметтегі біліктілігімен, жаны жайсаң, жайдары қалпымен айналысына сыйлы да қадірлі болды. Жүрегі елім деп соққан көшелі азамат, ардақты ардагеріміздің жарқын жүзі әрқашан жүрегімізде сақталатыны сөзсіз.

**Е.ҚҰСАЙЫН, Ә.АРҒЫНОВ,  
Д.ЖИЕНБАЕВ,  
Т.КӨПЖАСАРОВ, Д.ОМАРОВ,  
Б.ТОҚМУРЗИН,  
А.ӘПЕНДИНА, О.ЖҰКІБАЕВ**

• ТУРНИР

Еріктілер жарыс жолында

Халықаралық жастар күніне орай, АМАНАТ партиясының «Жастар рухы» Жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалы ұйымдастыруымен волонтерлік ұйымдар арасында 100-ден астам жастың қатысуымен шағын футболдан турнир өтті.



18 команда қатысқан додада Теміртау, Шахтинск, Саран қалаларының және Абай ауданының командалары да болды.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдану – деніміздің сау болуының басты кепілі. Футбол ұжымдық ойын болғандықтан, команда мүшелерінің, ерікті, еңбеккер жастардың бір-бірімен ауызбіршілігін көрсетті.

Тартысты өткен жарыста I орынды – «Исландия» командасы алса, II орынды – «Мы из Шахтинска» еншіледі. Ал, III орын – «Team Ahivki» командасында.

Ұйымдастырушылар үздік ойын көрсеткен Руслан Бекбаев мен Эльдар Махмадовқа арнайы жүлде табыстады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• ВЕЛОСПОРТ

Айнымас серігі – велосипед

Ақтөбеден шыққан Жұмабай Отарғалиевтің бала күнгі арманы – велосипедпен жер-жерге саяхат жасау. Зейнетке шыққан шағында тақымына қос донгелекті «темір тұлпар» алып мінгелі де алты жылдың жүзі болған екен. Сол уақыттан бері аттан түспеген қария ел-елді аралап, Қазақстанның әрбір қуанышына, мерейтойға атсалысып, саламатты өмір салтын дәріптеп жүр. Алты жылдан бері 20 мың шақырымнан аса жол жүріпті. Теміржол саласының түрлі лауазымында жұмыс істеп, бар ғұмырын жолға арнаған Жұмабай ақсақал 75 жасқа келсе де, жолдан тосырқаған емес.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalıq Qazaqstan»

Жұмабай Отарғалиев өзінің жасы туралы «Мен – 69-дан енді астым» деп әзілдейді. Ол – Ақтөбенің тумасы. Теміржолшы – көп жыл еңбек өтілі бар әуесқой спортшы. Ардагер велошабандоз Жұмабай Отарғалиев Қазақстанның біршама

бөлігін велосипедпен жүріп өтті. Ол 14 тамызда Қарағандыға ат басын тіреді. Небәрі екі айдың ішінде бүкіл Қазақстан аумағын аралаймын деген спортшы өзіне-өзі бек сенімді.

– Мен шамамен алты мың шақырым

жол жүрдім. Орал, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда, Түркістан, Тараз, Өскемен, Семей қалаларында болдым. Енді Қарағандыдан кейін Астана, Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Ақтөбе қалаларына барып, сапарды Атыраумен аяқтаймын деп бекіндім. Күніне қанша шақырым жүріп өтетінімді дәл айту қиын. Менің межем – жергілікті теміржолдар. Бір теміржол станциясынан екіншісіне баратын жолды қадағалаймын. Сол менің күндік мөлшерімді анықтайды, – дейді Жұмабай Отарғалиев.

Бұл жолғы сапарын велошабандоз «Бейбарыс Сұлтанның 800» және «Астана қаласының 25» жылдығына арнапты.

– 2017 жылы алғаш рет велосипедпен Шалқардан Ақтөбеге дейін бардым. Бұл, шамамен, 350 шақырым. Ол аралықты мен 4-5 күнде жүріп өттім. 2018 жылы Ақтөбеден шығып, Атырауға бардым. Көліктерді ұнатпаймын. Қайда барсам да, менің негізгі тұлпарым, айнымас серігім – велосипед. Мен оған энергиядан өзге ештеңе жұмсамаймын. Моторлы көлік сатып алсаң, оның машақаты көп, майын ауыстыру керек дегендей. Шығыны да аз емес. Енді алдағы сапарым – Жамбыл даласы. Ондағы миссиямды Шу-Мойынты телімінің қосылғанына 70 жыл толуына арнағым келеді, – дейді қария. Сөйтіп, ендігі бағытын Тараз-Түркісіб, Шу-Сарышаған, Мойынты телімдері бойынша өзгертетінін айтты.

Жұмабай ақсақал зор құрметке ие. Мұндай қашықтықты велосипедпен жүру – бұл өз алдына қиындық. Сондықтан, ең алдымен, оған зор денсаулық, амандық пен бақыт тілейміз. Біздің бүгінгі өсіп келе жатқан өрендерге үлгі көрсетіп отыр, – деп атап өтті дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев.

Бұл аз десеніз, Жұмабай Отарғалиев Ақтөбедегі «VELO PULSE» велокомандасына қосылып, олармен бірге қала бойынша түрлі шараларға қатысып, саяхат та жасайды. Саяхатшының велосипедпен жүрген ең ұзақ сапары 20 күнге созылыпты. Осылайша Астрахань шекарасына дейін Қызылорда бағытында жүріп өткен ол бүкіл Қазақстанды темір тұлпарымен аралағысы келеді.

• ПАРАБИ СПОРТЫ

Жерлесіміз – үздік үштікте

Саран қаласының тұрғыны Айгүл Балмағамбетова Жапонияда өткен параби спорты бойынша халықаралық турнирдің қола жүлдегері аталды. Оның арбамен билеу қабілетін облыстық заманауи және спорттық би федерациясының жаттықтырушылары байқап, дамыта бастаған. Қазір бойжеткен еліміздің параби федерациясы өкілі.

– Айгүл Балмағамбетова өз қойлымын Малефисента бейнесінде ұсынды. Бұл бағдарлама 2021 жылы парабиден Әлем кубогына ұсынылған. Сол кезде оған III орын берілді. Бұл жолы III орын бұйырды. Айгүлмен екінші жаттықтырушы – Марина Саватеева да жұмыс істейді. Бишіміз өзіне өте сенімді. Қазір қараша айында өтетін әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды, – дейді жаттықтырушы.

Айгүл Болгария, Германия, Италия, Ресей және Словакиядағы би алаңында би сабақтарында өнер көрсеткен. Ол – 32 жаста. 12 жылдан бері Саран қаласында тұрады.



• ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Қола жүлде

қоржында

Германияның Дортмунд қаласында грек-рим күресі бойынша халықаралық турнир өтті. Онда ел құрамасы сапында Қарағанды облысының спортшылары да өнер көрсетті.

Дәстүрлі турнирге 23 елден палуандар жиналды. Қазақстан құрамасы жалпы командалық III орынға ие болды. Екі жарыс күнінің қорытындысы бойынша турнирдің жалғыз чемпионы 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде еңбек сіңірген спорт шебері Айдоос Сұлтанғали болды.

Украинадан келген палуанға жол берген елордалық палуан Марлан Мұқашевтің еншісінде – күміс медаль.

72 келі салмақта бағын сынаған қарағандылық палуан Ибрагим Магомедов қола жүлдеге ие болып, Арка жұртының абыройын тасытты. Мейіржан Шермаханбет (67 келі, Шымкент), Демеу Жадрев (77 келі, Алматы облысы), Әлімхан Сыздықов (130 келі, Шымкент) палуан Әлімхан Сыздықов та қола жеңіп алды.

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Үштің өзі күш

Қарағандыда жеңіл атлетикадан ардагерлер (35 және одан жоғары) және әуесқойлар (18-34 жас) арасында Қазақстан Республикасының III жазғы ашық чемпионаты өтті. Облыс намысын 30 спортшы қорғады.

Жарысқа 13 облыстан және 3 қаладан 198 спортшы қатысты. Сонымен қатар, шетелдік спортшылар (Өзбекстан, Беларусь, Ресей, Израиль, Моңғолия) да келді. Олардың арасында Олимпиада ойындарының қатысушылары, Әлем және Азия чемпионаттарының чемпиондары мен рекордшылары бар.

Спортшылар бағдарламаның 18 түрінде бақ сынады. Бұл бастама қараша айында Филиппинде өтетін Азия чемпионатына спортшыларға өзін сынауға зор мүмкіндік берді.


Командалық есепте I орынды Павлодар облысының, II орынды Қызылорда облысының, III орынды Қарағанды облысының спортшылары иеленді.

Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

• ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

Топардағы той

Топарлықтар осымен екінші рет «Ауыл күнін» атап өтті. Бұл жолғы мереке Жастар күніне орай ұйымдастырылып, онда ұлттық ойындарымыз дәріптеліп, ел бірлігін нығайтып, өскелең ұрпаққа оны үлгі ету көзделді.



Ержан ИМАШ, «Ortalıq Qazaqstan»

Аталған думанды қолға алып, басы-қасында ауыл азаматтары Ербол Құттыбек, Аманжол Ақушев, Мейрам Алшынбаев жүрді. Ауыл тұрғындары осы шараның жақсы өтуіне орталарынан мал шығарып, қаражат жинаса, осындағы ГРЭС-тің «КәсіпҚорған» кәсіподақ ұйымы аударыспақ ойындарына 200 мың теңге бөлген.

Мереке басталар алдында еліміздің Әнураны шыркатып, аруақтарға дұға бағышталып, ауыл ақсақалы Балташ Әкімбеков, Кент әкімі Марғұлан Сафаров, Топардағы Жұмабек Төшенов атындағы мешіттің бас имамы Мұрсали қажы құттықтау сөз сөйледі.

Осы тойға ауыл сыртында 3 киіз үй тігіліп, 5 қой сойылып, думан қызып жүре берді. Оның шымалдығын кенттегі

«Энергетиктер» мәдениет үйінің директоры Әдемі Әбдиева бастап келген жас өнерпаздар ашып, «Жас қанат» триосы «Жаса, Қазақстаным!» әнін айтып, әрі қарай өнерлі балапандар би билеп, ән-күйден шашу шашты.

Бұдан кейін ұлттық ойындарға кезек келіп, аударыспақтан Дархан Көрпебаев, Дархан Залимханов, ағайынды Сергази-евтер, қол күресінен Айдар Оңайбаев қарсылас шыдатпады. Жаппай көкпар кезінде атқа мінген сайыскерлер 15 рет салым салып, әрқайсысы жекелей бағаланды. Жарыс соңынан жеңімпаздар марапатталып, киіз үйлерде мерекеге жиналған жамағатқа ас берілді.

Абай ауданы, Топар кенті

СУРЕТТЕ: Топардағы той көріністері

• ФУТБОЛ

«Шахтер» тең ойнады

«Шахтер» Қазақстан премьер-лигасының 19-турында Петропавлға қонаққа барып, «Қызылжармен» ойнады. Ойын 1:1 есебімен аяқталып, командалардың қоржынына бір ұпайдан түсті.



Ерік НАРЫН, «Ortalıq Qazaqstan»

Есепті «Шахтер» ашты. Гол авторы – Иван Свиридов. «Қызылжар» сапындағы Евгений Березкин айып соққысын жасап, таразы басын теңестірді. Екінші тайм жерлестеріміздің үздіксіз шабуылымен өтті. Ардақ Сәулеттің тепкен добы бағанадан қайтты.

Қазір «Қызылжар» 35 ұпаймен турнир кестесінде жоғарлады. Алматылық «Қайрат» IV орынға сырғыды. Ал, «Шахтер» 20 ұпаймен X орында тұр.

– Командадағы жігіттерге, бапкерлер штабына жоғары деңгейде ұйымдастырылған оқу-жаттығу жиындары үшін

алғыс айтқым келеді. Жақсы ойын көрсетіп, аса маңызды ұпайды алдық. «Қызылжар» – шабуылдайтын команда. Сапында мергендер, әккі форвардтар бар. Гол соғатын мүмкіндіктер көп болды. Екі жақтың да қақпашысы біраз тер төкті. Біз қорғаныспен ойнадық. Әуелдегі жоспар сол еді. Бірінші таймда жоспар орындалмады. Екінші таймға басқа тактикамен шықтық. Шамалы өзгерістер жасалды. Меніңше, командалар жоғары деңгейде өнер көрсетті, – деді «Шахтердің» бас бапкері Игорь Солошенко.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБИЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalıq.kz@gmail.com; ortalıq.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalıq.kz.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 90 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**